

ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Ө. Әбдиманұлы

КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ХАС ШЕБЕРІ

Қазақ әдебиеті ежелгі дәуірінен бергі дамуының әрбір кезеңінде асыл сөздің өркен жаюына ерекше әсер етіп, өз уақытындағы әдебиеттің сан тарам желісінің түп қазығына айналып, есімі тұтас кезеңді түгел танытып тұрар қадау-қадау шығармашылық тұлғалар баршылық. Төл әдебиетіміздің шырқау биіктері – Асан Қайғы мен Бұхар, Дулат пен Махамбет Абай, Шәкәрім, Мағжан, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтарлар қазақ сөз өнері ұлылығының символы іспеттес.

Жоғарыда сөз болған әдебиет алыптары ішінде М. Әуезов XX ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін талмай еңбек етіп, кейінгі толқынға даңғыл жол ашты. Ендеше өзімізге етене жақын өткен ғасырдың екінші жартысындағы жас толқыннан қазақ сөз өнерінің биіктігі мен кеңдігін айқындайтын анық өлшем кімнің шығармашылығы болмақ деген де, ауызға алдымен алынар суреткер – бітімімен алдыңғы толқын ұлы ағалардың бар адами-азаматтық, шығармашылық-қайраткерлік қасиеттері түгел табылатын сан қырлы саңлақ дарын Әбіш Кекілбайұлы!

Әдеби шығармашылықтағы алғашқы қадамын сөз патшасы өлеңнен бастаған жас талант «Алтын шуақ» (1962 ж.) атты сыршыл лиризмге толы өлеңдер жинағымен ақын ретінде танылса, өлең өнеріндегі соңғы дүниесі «Дүние ғапыл» жинағында философиялық ой-танымға құрылған, даналыққа тұнған ойшыл өлеңдері арқылы «ақылдың да, ақынның да ақынына» айналды.

Содан бергі кезеңде ол XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің дамуына ақын, жазушы, драматург, аудармашы, сыншы, әдебиет зерттеушісі ретінде өлшеусіз үлес қосты.

Әбіш Кекілбаев шығармашылығы, ең алдымен, қай жанрда болмасын, тыңнан түрен салған жаңашылдығымен тәнті етеді. «Өнердің басты міндеті – адам, адам өмірінің шындығын ашу» дейтін болсақ, жазушы өзінің кіші жанрдағы «Тасбақаның шөбі», «Міне, керемет», «Ақырғы аялдама», «Керек адам», «Аш бөрі» т.б. әңгімелерінде адам туралы толғанып, адам жайлы ойын өрістете дамытып, замананың күңгейі мен көлеңкесін салғастыра көрсетіп,

замана тезіне түскен өз кейіпкерлерінің адамдық, азаматтық асыл қасиеттерін биік рухани өреде танытады.

Жазушы өзі өмір сүрген қоғамда қалыптасқан қасаң қағидаларға деген қарсылықты сол қоғамның бір тетігі іспетті «кішкене» адам санасындағы сілкіністі сыртқы бейне арқылы емес, ішкі тебіреністің тегеуріні арқылы танытады.

Ә. Кекілбаев – шын мәніндегі әңгіме жанрының хас шебері. Оның жазушы ретіндегі бір ерекшелігі шығармашылық болмысында шағын жанр деген өлшем жоқ. Туындыгер ұстанымында аз көлемге көп ой сыйғызар «қысқалықты таланттың қарындасы» деп танығын нағыз суреткерлік талғам бар.

Ә. Кекілбаевтың жазушы ретінде ерекшелейтін өрнекті де бейнелі көркем тілі. Ол өз ойын бейнелі жеткізуге, әрбір нәрсені жанды суретке айналдыруға өте ұста. Ұлттық тілдегі сиқырлы сөз саптаулар мен әдеби тілдегі мың иірімді оралымдарды қиюын тауып қиюластырып, ой мен суретті дәлелдікпен бере білу осыны танытса керек. Суреткер тілінің поэтикалық қуаты өте зор. «Сылдырлап өңкей келісім, тас бұлақтың суындай» деп Абай таныған келісім бір-бірімен құйрық тістесе келіп, құйылып түсер жазушы сөйлемдері арқылы әсем жарасым тауып, жүрекке қонып, көңілге ұялап, бойды аралап, тамырдағы қызу қанды лүпіл қақтырып, ойды оятады.

Сары алтындай жалт-жұлт ойнаған сұлу сөзден өрілген сөйлемдердің әр қайырымында жүрек сығындысы іспетті сұңғыла ой өндіріліп, оқырманның көңіл түкпірінде жатқан көмескі сұрақты жарыққа шығарады. Әр сөз тіркесіндегі сөздердің толқынды ырғағында бір-бірімен іштей қабысып жатқан үндестік бар.

Көркем әдебиеттің жаны – көркем образ десек, жазушы шеберлігінің хас белгісі көркем бейне жасаудың түрлі әдіс-тәсілдерін кеңінен қолданып, ең бір тиімді тәсілдерді тап басып тани алуында. Көркем бейне сомдаудың сыры адамның ішкі әлемінің, яғни жан дүние шындығын ашумен тығыз байланысты. Осы тұрғы-

дан алғанда, Әбіш Кекілбаев – адам болмысына терең бойлаудың сан тарау көркемдік тәсілдерін шеберлікпен меңгерген суреткер. Жазушы кейіпкерлері қарапайым ғана адамдар болғанымен, олардың адами жан дүние құбылысының мәнін ашар өзіне ғана тән өмірі мен тіршілігі, тағдыры мен мінез-құлқы бар. Сондықтан да жазушы ішкі әлем ирімдерінің тереңіне бойлап, кейіпкерінің іс-әрекетіне жеке басындағы түрлі сезім халдерін сипаттай отырып баға береді. Сөйтіп, өз көркемдік шешімімен көркемдік шындық үшін тағдыр талқысына салған кейіпкерлерінің ішкі толғанысын, жан күйзелісін, жүрек тебіренісін қара сөз күдіретінен жаралған толғаулы ой арқылы өреді.

Ә. Кекілбаев шығармаларында өткен мен бүгіннің көзге көрінбес бірлігі бар. Ол өткен күндерден сыр шерте отырып, бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерін қозғайды. Жазушының, «Бәсеке», «Ханша – Дария хикаясы», «Шыңырау», «Күй» т.б. хикаяттарында қазақ халқының тұрмыс-салты айқын көрініс тауып, асқақ арманы, биік мақсат-мұрасы, философиялық талдау мен психологиялық талқыға түсіп, жан-жақты терең суреттелген. Ә. Кекілбаевтың аталмыш шығармалары енген әрбір жинағы – бір дәуір келбетін ашар бүтін дүниелер. Осылардың ішіндегі «Шыңырау» повесі туралы кезінде қазақтың заңғар салқар сыншысы Сағат Әшімбаев: «Шыңыраудағы» бас кейіпкер ... жәй құдық қазушы емес, шындығында, өнерпаз жанның парықсыз, пәтуасыз ортадағыаяқасты болған, елеусіз қалған, имансыз жан себілдердің мазағына айналған тағдырын көз алдыға әкеледі» [1, 420-421 бб.], – деп, шығарманың ішкі мәнін терең пайымдаған еді. Шындығында, солай. Автор қарапайым өнер адамның болмысынан өнердің ұлы күдіретін таныта алған.

Жазушы ізденімпаздығының бір қыры ежелгі аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізе отырып, адамгершілік, азаматтық мәселелерді алға тартады. Осыдан келіп туындыгер шығармаларындағы аңыз-әңгімелердің қолданысы жаңаша сипат табады.

Аталмыш «Күй» повесіндегі тұлбайын қаталдық пен зұлымдық жайлаған, жанын өшпенділік оты өртеген Жөнейт саз өнерінің күдірет күшінен жеңіледі. «Ханша дария хикаясындағы» қатыгез қаһан Шыңғыстың жауыздыққа толы іс-әрекеттері жауапсыз қалмайды. Қаһарлы Шығыс пен зұлым Жөнейттің қаһарына қарсы жазушы – адамның биік рухын қарсы қояды. Сөйтіп өз шығармаларына тән философиялық мағынаны, психологиялық тереңдікті дамытады. Қаламгер «қараңғы» мен «жарықты» арпалыстыра

келе түпкі қорытындыны әділет жеңетіндігінің – көркемдік шешімімен тиянақтайды. Халық арманынан жаралған аңыз-әңгіме қаламгер танымының «домнасында» қайта қорытылып, өмір шындығы көркемдік шындыққа айналады.

«Күй» повесінде алғаш қолданыс тапқан «мәңгүрт» ұғымның кейін жадтан айырылған жанның трагедиялық мүшкіл халінің белгісі ретінде әдеби айшыққа айналып, әлемдік деңгейге көтерілуі осының бұлтартпас бір дәлелі. Иә бір кездері осы «мәңгүрт» ұғымын кім әдеби айналымға енгізді деген өңбес әңгіменің өріс алғаны белгілі. Бұның жауабында азаматтығы арына сын жазушының өзі бергенді: «Мен шексіз кекшілдіктің шексіз қатыгездікке, ал шексіз қатыгездіктің рухани мәңгүрттікке ұрындыратынын сөз етсем, Шыңғыс Айтматов мәңгүрттіктің қайтадан шексіз қатыгездікке тірелетінін егежей-тегежейледі». Бұдан артық сөз өнеріндегі көркемдік ізденістің мәнін ұқтыру бола ма?! Өйткені «Шығарманың идеялық пафосы – бейбітшілдік пен адамгершілік үшін күрес. Автор оны күй өнерінің күдіретімен шеше білген» [2, 737 б.].

Әдебиет – мүмкіндігі шексіз рухани әлем. Ә.Кекілбаев кейіпкер бейнесін жан-жақты сомдау, адам жанының сан алуан құбылыстарын тереңдеп бару үшін бар мүмкіндікті молынан пайдаланып, көркемдік әдіс-тәсілдерді, көркемдегіш-бейнелегіш құралдарды суреткерлік шеберлікпен кеңінен қолданады.

Жазушы шығармаларына терең философиялық мән мен көшелі қоғамдық болмыстар арқау болып отырады. Ұлттық сана, ұлттық болмыс, адамзаттық гуманизм, қоғамдық сананың қалыптасуы т.б. күрделі мәселелер толғандырар тақырып ретінде көтеріледі. Ә. Кекілбайұлының «Абылай хан» атты өлең-драмасында ұлттық рух ұстанымы, азаттық пен еркіндік идеясы, қоғам мен адам арасындағы қатынастар, адамның қоғамдығы алатын орны үшін күресі ХҮІІІ – ХІХ ғасырлар тоғысындағы қазақ даласындағы тарихи оқиғалар үрдісі негізінде өрбиді.

Жазушының «Аңыздың ақыры» атты романы – қазақ әдебиетіндегі шын мәніндегі психологиялық романның көшбасшысы. Бұған дейін бір адамның бүкіл ой-танымы, жан толғанысы, сезім күйі, мінез-құлқы арқылы өрілетін роман болған емес. Шығарма осы саладағы қазақ әдебиетінің іргелі табысына саналады. Өз романында туындыгер тарихи тақырыпты жаңаша игеріп, көркемдікпен ұштасқан жазушы қиялының күдіретін танытты. Бас кейіпкердің сан қырлы кейпін ашуда философиялық – аналитикалық талдау арқылы оның ішкі жандүниесіндегі түрлі

психологиялық құбылыстардың тереңіне бойлай алды. Сонымен қатар үш адамның – әмірші, кіші ханым, шебер арасындағы психологиялық хал, ішкі монолог, сезім күйі арқылы талғамнан танымға жол тартқан көркем дүние жасап шықты. Романның неміс тіліне аударылған нұсқасы Германияда екі рет басылып шыққан. Мұны И. Гете, Г. Гейне, Ф. Шиллерді ардақ тұтатын неміс халқының қазақ халқына көрсеткен құрметі десе болады.

Әбіш Кекілбаевтың аса ауқымды кең көлемдегі «Үркер», «Елең-алаң» романдарында ХҮІІІ ғасырдағы қазақ тарихына қатысты күрделі оқиғалардың табиғатына терең бойлап, тарихи шындық жазушының ой-қиялы, суреткерлік ізденістері арқылы өзіндік көркемдік шешімін тауып отырады.

Бұл романдарында жазушы жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресті таза реалистік шыншылдықпен, романтикалық шабытпен суреттейді. Осынау азаттық күресті ұйымдастырушы, бірегей қолбасшы, тарихи тұлға Әбілқайыр ханның бейнесін Аңырақай шайқасындағы асқан ерлігі мен одан соңғы Ресеймен бірлікке келу жолындағы атқарған ақылмандық іс-әрекеттері, елін сақтау жолындағы түсінуі қиын бағытты ұсынуының себеп-салдарын айқындау арқылы тарихи шындыққа қиянат жасамастан, тарихи дерек пен жазушы қиялының бірлігінен қиыннан қиыстыра отырып, көркемдік шындығы шымыр шығармада шеберлікпен ашады.

Қос романда ұлттық мүдде турасынан келген шындық бар. Ертеңге үміт артқан қос кейіпкердің Әбілқайыр, Тевкелев шын сыры, өзіндік көзқарастары ішкі толғаныс арқылы беріледі. Қазақ қоғамының сол кездегі шындығын осы кейіпкерлер ой ағысы арқылы саралайды. Оны өзіннің авторлық ұстанымы тұрғысынан үстемелейді. Осы үштік айырым-бірліктен шығармадағы бар болмыстың реалистік шындығы айқындалады. Осыдан келіп, бүтін-бітімдік көркемдік ой-жүйе қалыптасады.

Жазушы қазақ халқының хал-ахуалы, оның сол кездегі тағдырдың кермесіне кез болып, «иә бар, иә жоқ» сынды сұрақтар алға тартылған өзекті мәселелерін тарихи таным, көркемдік сурет арқылы шебер бейнелейді. Және де парасатпайым тереңдігі арқылы ой ағынан еселенген замана шындығы туралы әлеуметтік-пәлсапалық

ой түйінделіп, тарихтың таласты сұрағына толық-қанды тұжырым жасалады.

Ә. Кекілбаев өзінің тарихи романдарында қазақ халқының өткен дәуірлердегі түрлі қоғамдық өзгерістер тұсындағы өмірін жан-жақты суреттеу арқылы сол дәуірдің шындығын сөз өнерінің көркемдік құдіреті арқылы көрсетіп, сол кезеңдегі қоғам, адам туралы кең түсініктерге жол ашады. Олар жалаң ғана суреттелмей, қазақ халқының дәстүрлік мәдениеті мен ұлттық руханиятының эстетикалық сұлулығымен сабақтастырыла өріледі. Мұнда тарих көркемдік сана тұрғысынан терең сарапталады. Тарихтағы азаттық жолындағы күресті көркем бейнелеу Ә.Кекілбаев ұстанған ұстанымның негізгі тірегіне айналады.

Жалпы, Әбіш Кекілбаев шығармаларының мазмұн тереңдігін ашар басты қасиет жеке кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесіне бойлау арқылы келетін аса табысты психологиялық суреттеу болып табылады. Автор ізгілік пен зұлымдық арпалысындағы адамзат ұстанымының басты идеалдарын алға қоя отырып, адам тіршілігі, адам өмірі туралы мәңгілік сұрақтарға жауап іздейді. Оларды көркемдік ой таным арқылы шешуге ұмтылады. Зұлымдықты ізгіліктің жеңерін басты ұстаным ретінде алға тартады. Ізгілік, адамгершілік, әділеттілік, имандылық тағылымдары мәңгілік өзекті де мәңгілік қасиетті!

Иә, Ә.Кекілбайұлын бүгінгі қазақ сөз өнерінің хас шебері ретінде танудағы заманаларға жол тартқан шығармаларының құндылығын қысқаша қайырғанда, осылайша түйіндеуге болады.

1. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. Алматы: Жазушы, 1993. – 497б.

2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 9-том. Алматы: ҚАЗАқпарат., 2005. – 998 б.

В статье рассматривается писательское мастерство классика современной казахской литературы Абиша Кекильбаева.

Анализируя творчество писателя, автор статьи раскрывает особенности его художественного метода.

Определяется место А. Кекильбаева в современной казахской литературе.

The article observes the writer's mastery of classics Abish Kekilbayev in the modern Kazakh literature.

When analyzing the works of the writer, the author of the article reveals the peculiarities of his artistic methods.

Also the position of A. Kekilbayev in modern Kazakh literature is determined.